

Бақылау кез-келген демократиялық мемлекеттің маңызды функцияларының бірі болып табылады. Бақылау биліктің бөлінуі қағидатынан туындайтын өзара тежеу және қарсы салмақ көрсетудің күрделі жүйесінде, мемлекеттік органдар әрекетінің жариялығанда, олардың халыққа және азаматтық қоғам институттарына бағыныштылығында көрініс табады. Заң шығару билігінің бақылауы атқарушы билік органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының заңнаманы сақтауын, бюджеттік қаржыларды мақсатты және үнемді шығындауды қамтамасыз етуді, мемлекеттік құрылымның тұрақтылығын қолдауды, мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруды бақылау мақсаттарын алға тартады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды, Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы заңды, ғалымдардың пікірлерін қорытындылай келе, қазіргі парламенттер, соның ішінде Қазақстан Республикасы Парламенті әрекеті де бүгінгі таңда үш дәстүрлі функция арқылы жүзеге асырады деп айтуға болады. Оған заң шығару билігінің басты функциясы заң шығару функциясын, заң шығару билігінің өкілдік функциясын және парламенттік бақылауды жатқызуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы N 2529 Конституциялық заңы. - <https://www.parlam.kz/kk/status>

2. Алипулатова И.А. Парламентаризм в Российской Федерации как основа демократического общества. Дис. ... к.ю.н. – Махачкала: Дагестанский государственный университет, 2004. – 152 с.

3. Конституционное (государственное) право зарубежных стран / Под редакцией Б.А. Страшуна. – Том 1. – Москва: Норма, 1995.– 784 с.

4. Сапарғалиев Г.С. Парламентское право Республики Казахстан: Монография. – Астана: ТОО «Институт законодательства РК», 2009. – 308 с.

5. Дауталиев Қ.Н. Қазақстан Республикасы Парламентінің бақылау функциясы: автореферат дис. заң ғылым. канд.; әл-Фараби атын. Қазақ ұлттық университеті. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2010. – 24 б.

6. Бекжанов Б.А. Принципы, функции и модели парламентаризма // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. – 2010. – № 2. – Б. 2 -7.

7. Баймаханов М.Т. К вопросу о политико-правовой природе парламента как высшего органа государственной власти // Теоретические и конституционно-правовые проблемы парламентаризма в Республике Казахстан: Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: КазНУ имени аль-Фараби, 2006. – С. 16-24.

## ҚОЛАЙЛЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ РӨЛІ

*Қайратқызы М. Е., А.Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультетінің магистранты,  
Мусин Қ.С., Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ доценті*

Қоршаған қолайлы ортаға деген конституциялық құқық азаматтардың жекелеген немесе ұжымдасқан түрінде қоғамдық бірлестіктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Ұжымдық құқықты құру Қазақстан Республикасы Конституциясының 23-бабында бекітілген: «Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі»[1].

Бұрынғы Қазақстан Республикасының «Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы» Заңының 2-бөлімінің 12-бабында да азаматтардың қоршаған табиғи ортаны қорғау

жұмыстары бойынша қоғамдық бірлестіктер, қорлар және басқа да қоғамдық қалыптасулар құруына құқылы екендігі айтылған.

Азаматтардың бірлестікке деген құқығының жүзеге асырылуы азаматтардың екі түрлі мүмкіндігінің кепілі бола алады. Бір жағынан жалпы мақсаттарға жету үшін мүдде ортақтығы негізінде басқа адамдармен бірлестікке деген құқық, екінші жағынан басқа адамдармен бірігіп бірлестік құру жолында құқығы, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, оны қорғау (қалыптастыру) ісі бойынша азаматтың құқығы. Бірлестікке деген құқық мазмұнының екінші аспектісі азамат құқығының негізгі кепілдігі болып табылады және оны жүзеге асыру механизміне кіргізіледі.

Азаматтарға ерікті түрде өзінің рухани немесе басқа материалдық емес қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоғамдық ұйымдар құру мүмкіндігі 1994 жылғы 21 қазандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 117-бабында қарастырылған және 1995 жылы 14 сәуірдегі «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, 1995 жылғы 7 маусымдағы «Қайырымдылық іс-әрекеттер және қайырымдылық ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында егжей-тегжейлі нақтыланған.

Қоғамдық бірлестіктер дегеніміз - жоғарыда аталған заңнамаларға сәйкес ортақ мақсаттарға жету үшін мүдде ортақтығы негізінде біріккен, азаматтардың инициативасы бойынша құрылған ерікті, өзін-өзі басқаратын, коммерциялық емес құрылым [2].

Сонымен азаматтарға бірінші рет қоғамдық бірлестіктерді заңды тұлғалар арқылы емес, оларсыз жеке тұлғалардың бірігуі арқылы құру құқығы берілді. Бұл жаңашылдық қоғамдық, оның ішінде экологиялық қозғалыстардың дамуында маңызды болып табылады, себебі азаматтар қиын әрі қымбат тұратын тіркелу және әрі қарай ұстап тұру үшін шығындалу процесінен құтылады, алайда нақты мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруда әрекеттегі заңнамада белгіленген экологиялық талаптарды сақтауға, қоғамдық бақылау жасауға міндетті.

Кейіннен одақтас республикаларда да осыған ұқсас қоғамдар құрылды. 60-жылдардың соңына қарай әрбір одақтас республикада табиғатты қорғау қоғамы құрылды. Сондай-ақ қоршаған ортаны қорғаумен басқа проблемаларды шешу үшін алғаш құрылған қоғамдық бірлестіктер: кәсіподақтар, ғылыми-техникалық қоғамдар, аңшылар мен балықшылар бірлестігі айналысты. Әлемдік қоғамдастықтың дамуындағы заманауи кезеңнің ерекше бір айырмашылығы - ол қоршаған орта проблемаларын шешудегі мемлекеттік емес сектордың қатысуы. Осы процеске үлкен қоғамдастықты тартудың мәні сонда, экологиялық жағдайды жақсарту үшін өз ұсыныстарын бере отырып, нақты жобаларды жүзеге асыруға қатыса отырып, қоғамдастық табиғатты қорғауға өз үлестерін қосады. Шетел мемлекеттерінің тәжірибесі көрсеткендей, қоғамдастықты экологиялық шешімдер қабылдау процесіне тарту қоршаған қолайлы ортаға деген азаматтар үшін де, осы шешімді қабылдаушы жеке тұлғалар үшін де қажет болып табылады. Қоғамдастықтың пікірімен санасу мемлекеттік органдарға проблеманы кешенді түрде оқып-үйренуіне, қолайсыз экологиялық-жағдайдан шығудың барынша тиімді жолдарын табуға, қаржының экологиялық қауіпсіз жобаларға аударылмауына және осыған байланысты әлеуметтік-экологиялық конфликтердің туындамауына көмектескен болар еді. Қоршаған қолайлы ортаға деген құқық мемлекет тарапынан эволюциялық жолмен өтілуі қамтамасыз етілуі тиіс.

Азаматтардың экологиялық бірлестігі көрер көзге ғана істелетіндей формалды емес, табиғатты, әрі адам өмірі мен денсаулығын қорғау мақсаты қойылған нақты болуға тиіс [3,165].

Қоғамдық экологиялық құрылымдарды құру заңгерлер мен басқа да зерттеушілердің назарын өзіне аудармай қоймайды. Олардың іс-әрекеттері объективті факторлар арқылы танылады, олар: экономикалық мүддеден жоғары қою, қоршаған ортаның ластану масштабының ұлғая түсуі, табиғи ресурстардың сарқылуы, экологиялық жағдайдың апатты деңгейге келуі және т.б. Кейбір авторлардың пікірінше, экологиялық

проблемаларды шешуде қоғамдастыққа ат салысудың ғылыми түріне өту керек. Ол позиция мынадай жағдаяттарға негізделеді:

адам құндылығын, оның денсаулығын қорғау қажеттігін, қоғамда экологиялық қауіпсіздік ахуалын құруды бірінші орынға қою;

қоғамдастық экологиялық және экономикалық приоритеттерді байланыстырушы нақты күш болып табылады;

экологиялық проблемаларды шешуге деген қоғамдық әсер ету формалары әртүрлі және құқықтық нормалар құрылымы кей жағдайда тиісінше саяси еріктердің барын талдауға мүмкіндік жасайды[4].

Бүгінгі таңда Қазақстан заңнамасы азаматтарға коммерциялық емес мақсатта жаппай бірлесу үшін кең мүмкіндіктер беріп отыр.

Қазақстанның басқа да қоғамдық ұйымдары сияқты қоғамдық экологиялық ұйымдар 1999 жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей өзі үшін тиімді ұйымдастыру-құқықтық формасын анықтауы тиіс болатын. Қарсы жағдайда олар қоғамдық бірлестіктер мен қайырымдылық ұйымын тіркеуші органдардың талап етуі бойынша сот тәртібімен таратылды.

Ұйымдастыру- құқықтық формасын таңдау құрылтайшылар қойған мақсат-міндеттерге, сондай-ақ олардың материалдық мүмкіндіктеріне байланысты және бірінші кезекте мемлекеттік тіркеуден өту қажеттілігін және тиісінше заңды тұлға статусын алу жағын, іс-әрекеттің жүргізілу территориясын - жалпы Қазақстандық, аймақаралық, аймақтық немесе жергілікті екенін шешіп алу керек.

Қоғамдық экологиялық ұйымдар әрекетінің көп бағытта жұмыс істеуі заңнамада анықталған ұйымдастыру-құқықтық нормаларының барлығын пайдалануға мүмкіндік береді. Қоғамдық және қайырымдылық ұйымдардан басқа экологиялық ұйымдар жауапкершілігі шектеулі коммерциялық құрылымдар, акционерлік қоғамдар үшін қарастырылған формаларда да құрылуы мүмкін. Алайда қоршаған табиғи орта жай-күйіне және кәсіпорындардың іс-әрекетіне экологиялық тұрғыдан қоғамдық бақылау жасауға жол жоқ, себебі қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы Заң қоршаған ортаны қорғау аумағы бойынша өкілеттікті тек қоғамдық экологиялық бірлестікке ғана береді.

Заң шығарушы қоғамдық бірлестіктерге Жарғы мақсатын жүзеге асыру құқығын береді: өз іс-әрекеті туралы ақпаратты еркін тарату, әрекеттегі заңнамада қарастырылған мемлекеттік өкіметтік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шешімдерін қарауға ат салысу; жиналыстар, митингтер, демонстрациялар, шерулер мен пикеттер өткізу, бұқаралық ақпарат құралдарына құрылтайшы болу және баспа жұмысы жүзеге асыру; өз құқығын, өзінің мүшелері мен қатысушыларының, сондай-ақ мемлекеттік өкімет органдарындағы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы және қоғамдық ұйымдардағы басқа азаматтардың заңдық мүддесін қорғай білу.

1995 жылғы 21 қарашадағы «Атомдық энергияны пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабында қоғамдық ұйымдардың белгіленген заңнамалық тәртіп бойынша тиісті органдардан мемлекеттік құпиядан өзге салынуға берілген, жобаланған, іске қосуға, пайдалануға берілген және пайдаланудан шығарылған ядролық қондырғылардың, радиациялық көздер мен сақтау пункттерінің қауіпсіздігі жөнінде ақпарат алуға сұраныс беруге және алуға құқылы екендігі бекітілген [5].

Әрекеттегі экологиялық ұйымдарды кейбір белгілері бойынша шектеуге болады. Олар - дәстүрлі және жаңа құрылымдар.

Дәстүрлі экологиялық құрылымдар - олар табиғатты қорғау қоғамы, жануар мен өсімдікті қорғау, ғылыми академиялық қоғамдар. Ұзақ жылдар бойы бұлар мемлекетпен тығыз байланысты болды және мемлекеттік экологиялық қолдау көрсетуге ат салысты.

Бүгінгі таңда еліміздің қоғамдық экологиялық қозғалысына олар емес, жаңа қоғамдық, қайырымдылық ұйымдары қатысуда. Бұларды былайша жүйелеуге болады:

табиғатты қорғау жиындары;

«Әлеуметтік экологиялық одақ» атты аймақаралық экологиялық одақтар;

экологиялық ұйымдар (бұл экологиялық ұйымдардың кеңірек тобы. Олар саны жағынан көп емес, ресми статусы жоқ, бірақ үлкен практикалық жұмыстарды атқарады. Олардың көпшілігі ғылыми-техникалық қызметкерлер, дәрігерлер, педагогтар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, бұрынғы әскерлердің инициативасы мен ықпал етуі нәтижесінде құрылған).

Жергілікті экологиялық ұйымдарды мынадай тәртіппен жүйелеуге болады:

оқу-тәрбие процесін, көрме ұйымдастыруға, лекциялар жүргізуге бағытталған ұйымдар;

табиғи және мәдени ескерткіштерді қорғаушы экологиялық-шығармашылық ұйымдар;

экологиялық-құқықтық ұйымдар;

экологиялық проблемаларға митингілер мен қарсылық таныту акциясын ұйымдастыру жолдары арқылы қоғамдық пікір қалыптастыруды мақсат етіп қоятын экологиялық ұйымдар;

экологиялық бұқаралық ақпарат құралдары;

нақты табиғи объектіні қорғауға өз күшін жұмылдырушы экологиялық-объектілік ұйымдар;

экологиялық бейіндегі ғылыми-техникалық және коммерциялық ұйымдар:

экологияны ендіруші ұйымдар;

көп бейінді экологиялық ұйымдар.

Экологиялық қозғалыс дамуының қазіргі кезеңіндегі бірінші дәрежелі мақсат-барлық ұйымдар әрекетінің үйлестірілуі. Тек осы ғана қоғамдық сананы экологияға бұруға, бұқара халықтың жаппай белсенділігін тудыруға, өкіметтің тек қоғамдық пікірімен келісе отырып, экологиялық мәселе бойынша барлық деңгейде шешім қабылдауға, экологиялық жағдайдан шығып, үнемі құлдырай беруден тұрақтылыққа көшуге мүмкіндік береді.

Қоғамдық бірлестік құқыққа қарсы іс-әрекеттерді мына формаларда нақты жүзеге асыра алады: 1) заң жобасы жұмыстарына, мемлекеттік органдар шешімдерінің орындалуына ат салысу; 2) өкілетті органдардың қалыптасуына ат салысу; 3) қоғамдық тәуелсіз сараптама мен зерттеу жұмыстарын жүргізу, нормативтік акт жобаларына қорытынды жасау; 4) тегін немесе ақылы түрде арыз, хат, жолдау құрастырудағы құқықтық көмектер; 5) қоғамдық қорғаушы, өкіл, сараптаушы ретінде сот мәжілістеріне қатысу. «Қоғамдық экологиялық бақылау» ұғымына қоршаған қолайлы ортаға деген конституциялық және басқа құқықтарды жүзеге асыруға байланысты азаматтар мен қоғамдық экологиялық ұйымдар әрекеттерінің барлық түрлері және денсаулық пен мүлікке келген шығын орнын толтыруды көздейтін заңмен қорғалатын мүдделер жатады[6,9].

Қоғамдық экологиялық бақылауды жүзеге асырудың кең таралған әдіс-тәсілдері мыналар:

Тиісті органдардан ақпаратты өз уақытында, толыққанды және ақиқат түрде беруді талап ету;

Хат, арыз, өтініштер арқылы бару;

Қоғамдық экологиялық сараптаулар жүргізуді талап ету.

Мемлекеттік экологиялық сараптаулар жүргізуге деген қоғамдық бақылаудың құқығы;

Жиналыстарға, митингтерге, шерулерге, демонстрацияларға, пикеттер мен басқа акцияларға қатысу құқығы;

Соттық (әкімшілік) тәртіп бойынша экологиялық зиянды объектілерді орналастыру, жобалау, іске қосу жөніндегі шешімді олардың іс-әрекетін шектеу, тоқтату сияқты амалдармен алмастыру жөнінде талап ету құқығы;

Азаматтың денсаулығына немесе мүлкіне нұқсан келген жағдайда қалпына келтіру жөнінде сотқа арыз-шағым беру құқығы;

Экологиялық маңызды шешімдерді қабылдауға, экологиялық жобаларды жүзеге асыру, жер телімдерінің берілуіне бақылау жасауға қатысу құқығы.

Экологиялық сараптау институтына үлкен мән беріледі. Мәселен, М.М.Бринчуктың пікірі бойынша, экологиялық сараптау-құқықтық, шаруашылық, басқару және басқа іс-әрекеттерде экологиялық құқық тәртібін, әркімнің қоршаған қолайлы ортаға деген, талас-тартыстарды шешуге дәлел бола алатын түрлі экологиялық мазмұндағы ақпарат көздерін қорғау мен сақтауды қамтамасыз ететін экологиялық құқық тәртібін ұстап тұру құралы және қоғамдық бірлестікке қатысудың маңызды принциптерін, экологиялық заңнаманы демократияландыруды жүргізуде қоғамдық пікірмен санасу, қоршаған қолайлы ортаға деген азаматтың құқығын жүзеге асыру шараларын қамтиды.

М.И.Васильева экологиялық сараптау адам құқығының кепілдігі жүйесінде жетекші орын алатынын көрсетеді. «Экологиялық сараптау институтының тиісті қорытындысынсыз таза қоршаған ортаға деген адам құқығы тек декларация жүзінде қалады» [7,85].

Алайда Қазақстандағы табиғатты қорғау жұмыстары нәтижесінің төмендігіне қарамастан, осы құқықтың өзінің субъектілерінің, қоғамдық бірлестіктердің, жекелеген мекемелердің экологиялық құқығын қорғау практика жүзінде қалыптасуда.

Практика жүзінде соттардың өндіріс орындарына деген істерді қарауы қиындық тудырады. Бұл шағым талаптарды дәлелдеудің қиындығымен түсіндіріледі, себебі қоғамдық ұйымдар ауада, топырақта, суда зиянды заттар концентрациясын, шу және вибрация деңгейін көрсететін прибор көрсеткіштеріндегі деректермен таныс бола бермейді. Мұндай тығырықтан шығу үшін елімізде экологиялық аудиторлардан тұратын тәуелсіз экологиялық сараптаманың болғаны жөн.

Азаматтар мен қоғамдық бірлестіктер экологиялық зиянды объектілерді орналастыру, жобалау, құрылыс, қайта жабдықтау (реконструкция) жаңа техниканы, құрылыс орнын пайдалану (эксплуатация) істері туралы шешімдерін өзгерту, олардың іс-әрекетін шектеу, тоқтату туралы талаптарын әкімшілік тәртіп бойынша да қоя алады.

Бұдан тыс азаматтар да, қоғамдық ұйымдар да экологиялық құқық бұзуда кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы мәселе көтере алады.

Азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың санамалап көрсетілген субъективті экологиялық құқытар жиынтығы қоғамдық экологиялық бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін реттеу заңнамасының бар екендігі жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Алайда оны жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын қиындықтарды ұмытпаған абзал.

Ережелер мен қатынастардың жаңа жүйесіндегі өмір талаптарына тұрғындардың бейімделуі әртүрлі, тұрғындардың бір бөлігі түрлі ортада тез және шешімді өзгерістердің болуын талап етсе, екінші бөлігі бұрынғы тәртіпті аңсайды, үшіншісі бар күшін жұмылдырып, белгілі бір табысқа жетеді.

Объективті қиындықтар бірінші кезекте толық жетілмеген заңнамалармен байланысты.

Жоғарыда айтылғандай көп орындарда жаппай акция өткізу туралы өкіметтерге жолдау тәртібін реттейтін заңнама жоқ.

Азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің экологиялық жолдауларының ведомстволық немесе сот жөніндегі мәселелері реттелмеген.

Жәбірленуші құқық нормаларына сай мінез-құқық танытқан жағдайда экологиялық зиян тигізу шегі көрсетілмеген.

Осы және басқа да шешімін таппаған көптеген мәселелер қоғамдық экологиялық бақылаудың жүзеге асырылуындағы құқықтық формалардың тиімді пайдаланылуына мүмкіндік бермейді. Қазіргі кезде әрекеттегі ҚР заңнама шегінде азаматтардың заңдық әрекеттері үшін нақты мүмкіндіктердің бар екендігі белгілі. ҚР азаматтарының алдында экологиялық проблемаларды шешуге қатысуға бұрып тек мемлекетке ғана қатысты болған жұмыстарға ат салысуға жол ашылған. Өмір сүрудің өзі қоршаған ортаны жақсартуға,

бүкіл Қазақстан бойынша табиғи ортаны сақтау үшін адамзаттың өз үлесін қосуына итермелейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995ж.
- 2.1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азамттық кодексі.  
[http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_)
- 3.Колбосов О.С. Правовые вопросы охраны природы.М.:ИГПАН, 1963. – 216 с.
- 4.Петров В.В. Экологическое право. – Москва, 2011.- С.98-99.
- 5.1995жылғы 21 қарашадағы «Атомдық энергияны пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңы.
- 6.Жусупбекова М. К. Қоршаған ортаны қорғаудың конституциялық негіздері // Молодой ученый.-2017.-№20.-С.8-10.
- 7.Васильева М.И. О применении в праве экологических критериев благоприятности окружающей среды // Гос. и право.- 2002.-№11. –С.84-89.

## МЕМЛЕКЕТТІК ЕГЕМЕНДІКТІ БЕКІТУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

*Какимова М.Ш.,*

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры, заң ғ.к.*

*Туякова Н.Б.,*

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға оқытушысы*

Қоғамның жетілген құрылымын мәңгі іздеу халық егеменділігінің идеясына философиялық ой пікір қосуға әкеп соқтырады. Осындай пікірді білдіруші Жан-Жак Руссо, егемендікті таратушы ретінде монархияны, аристократияны, парламентті мойындамады, тек қана егеменділіктің бір ғана субъектісі - халық деп таныды [1, 253].

XX ғ. басында американдық саяси мектеп күштеп сендіру арқылы емес, құқық тәсілі арқылы мемлекеттік егеменділікті негіздеуге бейім болды. Егемендік теориялық аспектіні қарастырсақ, «егемен» деген түсінік «мемлекет» деген түсінікпен бірге XIX ғасырдың соңында кеңінен тарады және осыған байланысты елдің және оның халқының дербестігі, тәуелсіздігі туралы түсінік білдірді. Жаңа заманның ертерек дәуірінде жоғарғы биліктің егемендігі идеясын тану, мемлекеттерді тану, мемлекеттерді біріктіру, феодалдық ұрыс-таласты жеңу және ішкі тыныштықты орнықтыру ісінде маңызды рөл атқарды. Егемен және егемендік мемлекет үшін бұл ішкі және сыртқы қол сұғудан тәуелсіз және еркін болудың құқығы ғана болып қоймай, сондай-ақ ол басқару, билік жүргізу құқығы, шешім қабылдау, жоғары биліктің барлық қызметін атқару еркіндігі де болатын. Мемлекетті шектемекші болған жеке дара билікпен үздіксіз күресте және азаматтық қатынастар мен құқықтық мемлекет процессінің қалыптасуында егемен түсінігі жеке адам билігінен мемлекет билігіне, халықтың, қоғамның, ұлттың, жеке адамның құзырына тарады.

Орта ғасырдағы егемендік туралы ілімді жетілдіру және соңғы ғасырда оны дамыту, осы уақытқа дейін мемлекеттің болашақ тағдырына көзқарасы - егеменділіктің мәнін тану бір келкі емес процесстің органикалық бөлімдерінің нәтижесі. Жоғарыда айтылған ой пікірлер белгілі бір мөлшерде қазіргі XX ғасыр соңындағы мемлекеттік материяда өздерінің жүзеге асырылуын табады. Бірақ егеменділіктің нақты бір идеясын көруге болатын мемлекеттік нысан мен институттардың сан-алуан болуы осы егемендікті таратушының арқасында емес, ол адамзат тарихының мыңжылдық тереңінде жасырынған жалпы байланыстылықтың арқасында пайда болған.

Сондықтан да, өзара тәуелді, этникалық, әлеуметтік көп қабатты және экономикалық байланысқан әлемде мемлекеттік егемендік идеясы өмір сүреді. Ол орта ғасырларда белгілі бір Еуропалық қағида түрінде ұғынылғаннан кейін іске асырыла бастады. Қоғамда